



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Аймақ жаңалықтары



«Қызылорда-Арал» жолы ақылы болады

Қазақстан Республикасы Көлік Министрлігінің 2025 жылғы 9-қаңтардағы №6 Бұйрығына сәйкес, Қызылорда мен Арал қалаларын байланыстыратын автожол автобус пен жүк көліктері үшін ақылы болады. Нақтырақ айтқанда, II техникалық санаттағы ұзындығы 454 шақырым жол учаскесі ақы алу жүйесіне іске қосылады.

Республикалық маңызы бар «РФ шекарасы (Самара) – Шымкент» автожолының «Қызылорда-Арал» учаскесінде 6 бақылау арқа және тұтынушылармен жұмыс істейтін орталық бар. Арқаларда орнатылған камералар ақылы учаскелерде автомобильдердің қозғалысын, олардың жылдамдығы мен қарқындылығын, жолдағы жағдайды тіркейді. Сондай-ақ учаскедегі жағдайды kaztoll.kz сайтындағы «Онлайн трансляция» бөлімінде көруге болады.

Автожолда төлем бекеттері болмайды, оның орнына ыңғайлы «ашық» төлем жүйесі қолданылады. Шлагбаумдар мен өткізу пункттері қойылмағандықтан кептелістер болмайды. Яғни қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, сапар уақытын қысқартады.

Жол жүру төлемі қолма-қол ақшасыз жүргізіледі. Пайдаланушылардың қолайлығы үшін төлем жасаудың 10-ға жуық әдісі бар. Нақтырақ тоқталсақ, интернет-банкінгтер, төлем терминалдары мен электрондық өмияндар, ұялы телефон балансынан, Е100 жанармай картасы арқылы және заңды тұлғалармен келісім шарт жасау арқылы болады.

Айта кету керек, жеңіл көлік иелері Қызылорда-Арал жолын тегін пайдаланады. Жергілікті тұрғындар үшін бір айлық және бір жылдық абонементтер қарастырылған. Жиналған қаражат жолдың өзін-өзі қаржыландыруын қамтамасыз етіп, мемлекеттік бюджетке түсетін жүктемені азайтуға септігін тигізеді. Жол қызметтері учаскені тәулік бойы патрульдеуді жүзеге асырады және жол жабынының, жарықтандырудың, жол белгілерінің ақауларын жедел жөндейтін болады.

Сонымен қатар жол мен жол инфрақұрылымын қоқыстан және қардан тазартып, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жаңа жүйелерін белсенді түрде енгізеді.

«ЖЖ» ақпарат

Мезгіл мәселесі

Су тасқынынан қауіп бар ма?

Былтыр су тасқыны елді есептіретті. Қаншама азамат үйінең жиған малынан айырылып, біраз шығынға батты. Зардап шеккен ағайынға ел болып көмектестік, билік салдарын жою үшін бірқатар шараларды атқарды. Еске салсақ, 12 өңірді әбiгерге салған су тасқыны кезінде 120 мыңнан астам азамат құтқарылып, эвакуацияланды. Оның 45 мыңы – бала. Мемлекет тарапынан оларға барлық қажетті көмек көрсетіліп, баспанасыз қалғандар үшін эвакуациялық пункттер ұйымдастырылды. Сондай-ақ шамамен 10 млрд теңге көлемінде 150 АЕК есебінде 21 880 отбасына келтірілген материалдық залал өтелді. Жасыратыны жоқ, Сыр өңіріне де жылда ерте көктемде су тасқыны қауіп төндірді. Осы ретте су тасқынының алдын алу және дайындық шараларының барысы қалай? Тарқатайық...



ғау қызметтерінің күштері мен құралдары да әзір.

Алаңдауға негіз жоқ

Осы орайда аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен аудан аумағында су тасқынының алдын алу бойынша мәжіліс өтті.

– Су тасқынының алдын алу бойынша барлық жауапты мекемелер мен кент, ауылдық округтері өздеріне жүктелген тапсырмалар мен міндеттерді ұйымдастыру қажет. Апат айтып келмейді. Өздеріңізге белгілі, былтыр көктемгі су тасқынынан еліміздің бірқатар аймақтарында төтенше жағдай жарияланды. Тұрғын үйлер, кәсіпкерлік және әлеуметтік нысандар су астында қалып, елді мекендер арасындағы автокөлік жолдары жабылды. Осындай болуы ықтимал су тасқыны жағдайларының алдын алу бағытындағы жұмыстарды жүйелі ұйымдастырып, 100 пайыз дайын болуымыз қажет. Тиісті ауылдық округ әкімдері, өз аумақтарыңыздағы учаскелерді қатаң бақылауға алып, кезекшіліктер үзіліссіз жүргізілуін қамтамасыз етіңіздер. Қажетті құрал-жабдықтардың дайын болуын қадағалаңыздар, – деді аудан әкімі.

Сондай-ақ аудан көлемінде су тасқынының алдын алу мақсатында авариялық-құтқару қызметтері мен күш-құралдарының дайындығы үнемі бірлікте болуын бақылауда ұстап қатаң тапсырылды. Адам қауіпсіздігі бірінші кезектегі мәселе болғандықтан, бұл бағыттағы жұмыстар басты назарда болу қажеттігі ескертілді.

30 арнайы техника дайын

Мұнан бөлек аудан әкімі Ардақ Ибраимов жауапты сала басшыларымен бірге Сырдария өзенінің Жалағаш ауданы аумағында Тұрымбет, Қарайым және Шөмен қайыры учаскелеріне дейін мониторинг жұмыстарын жүргізді.

Жалағаш ауданы территориясынан Сырдария өзенінің 84,5 шақырымы өтеді. Оның бойында барлығы 96,5 шақырым қорғаныс бөгеттері орналасқан. Сонымен қатар Қараөзек арнасының 48 шақырымы өтіп, онда 8,3 шақырым қорғаныс бөгеттері бар.

Бүгінде өзен бойында кезекшілік кестесі бекітіліп, бірінші кезекте жұмылдырылатын 12 шаруа қожалықтарының 30 техникалары нақтыланған. М.Шөменов ауылы маңындағы Сырдария өзенінің оң жағалауындағы «Самит арна – Шөмен қайыры» учаскесі аралығы 3855 метр жерге күшейту-нығайту жұмыстары облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы арқылы 32 млн 455 мың 422 теңгеге «RS Жолсервис» ЖШС-мен атқарылған. Жалпы, қазіргі таңда Шардары су қоймасынан 450, Қызылорда платинасынан 310, Қараөзек арнасына 15 және Әйтек су торабына 290 текше метр су келуде. Су көлемін өлшегіш рейка 105 см, абсолюттік көрсеткіш 112,11 см-ді көрсетуде.

Су тасқынымен ел талай мәрте бетпе-бет келді. Енді алдағы уақытта кеткен олқылықтарды түзеп, тасқын сумен күресуде заманауи тәжірибелерді қолданып, алдын алу маңызды.

Жандос ЖАЗКЕН

Мәжіліс

Бюджет мақсатты игерілуі тиіс



Аудан соңғы жылдары әлеуметтік-экономикалық дамуда ілгерілей бастады. Негізгі капиталға салынған инвестициялар, құрылыс жұмыстарының көлемі, аудан бюджетінің артуы, егістік алқаптарда атқарылған жұмыстар, жылыжай, мал шаруашылығындағы жетістік жергілікті атқарушы билік пен мәслихат депутаттарының өзара бірлесіп, белсенді еңбек еткенінің нәтижесі болса керек.

Шыны керек, БАҚ өкілдері ел игілігі үшін жүзеге асып жатқан жобалармен, жалпы жергілікті халықтың әл-ауқатын көтеруге бағытталған жұмыстармен түрлі жиналыстарда таныс болатыны рас. Апта басында аудан әкімдігінде өткен осындай жиналыста түйінді тарқатылуы тиіс бірқатар мәселе талқыланып, оң шешімін тапты деуге болады.

Ауданға қарасты ауылдардың бюджеті артуы мүмкін. Өйткені ауылдық округтер әлеуметтік мәселелерді шешу үшін аудандық бюджетке қарап отырмай, мүмкіндігінше өз проблемасын өзі шешуге күш салуы қажет. Сондай-ақ ауыл жұртының әл-ауқатын арттыру үшін бүгінде елді мекендерде бірқатар жобалар жүзеге асып жатыр.

Жалпы биыл аудан бюджеті 9 млрд 282 млн теңге болып бекітілді. Бюджет қаражаты 16 қаңтардан бастап қазынашылықтың біріктірілген ақпараттық жүйесіне енгізіліп, қаржыландыру жүргізіле бастады.

– Біз үшін аудан бюджетін тиімді және оңтайлы игеру маңызды. Сондықтан барлық бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне қаңтар айына жоспарланған 512,8 млн теңгені заңға сәйкес 100 пайыз игеруді тапсырамын. Сондай-ақ кент, ауылдық округ әкімдері дербес бюджеті бойынша заң аясында жоспарланған кірістердің 100 пайыз орындалуын қамтамасыз етіңіздер. Аудан бойынша 2024 жыл-

дың қорытындысымен негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері толығымен орындалып, биылға жоспар әзірленді. Тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшілері 2025 жылдың қаңтар айына жоспарланған барлық макроэкономикалық көрсеткіштердің 100 пайыз орындалуын қамтамасыз етіңіздер, – деді аудан әкімі Ардақ Ибраимов.

Сондай-ақ аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөліміне негізгі капиталға тартылған инвестиция көлеміне 2,9 млрд теңгеден кем емес инвестиция тарту қажеттігі ескертілді. Бұдан бөлек мемлекеттік сатып алу жұмыстары бойынша барлық бюджеттік бағдарлама әкімшілері 2025 жылға арналған жылдық мемлекеттік сатып алу жоспарларында конкурс тәсілімен жарияланатын мемлекеттік сатып алуларының өтінімдерін қысқа мерзімде облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасына ұсыну тапсырылды.

Жылдық мемлекеттік сатып алу, жоспарлау барысында мүгедектер қоғамдық бірлестіктерінің заңды құқықтарын сақтау қажет. Қолданыстағы заңдылықтарға сәйкес мемлекеттік сатып алуға «жосықсыз қатысушы» деп танылған өнім берушілер туралы ақпаратты уақытылы веб-порталға енгізу назардан тыс қалмауы тиіс. Мемлекеттік сатып алу жоспарында бекітілген сатып алуларды өз мерзімінде жариялап отыру да маңызды.

Осы аталған мәселелердің уақытылы және сапалы орындалуын қатаң бақылау аудан әкімінің орынбасары Арнұр Әлібекулына жүктелді.

Байқағанымыздай бүгінде аудан тұрғындары да өте белсенді. Бюджет қаржысын жұмсауда ашықтықты талап етіп, әлеуметтік нысандардың құрылысын уақытылы аяқтауды әкімдерден де, мердігерлерден де талап етіп отырады. Жасыратыны жоқ, ауылдық округтер мен аудан әкімдігі арасында бірлесіп жоспарлау, талдау-сараптамалық жұмыстары ақсап тұр. Мәселе бюджет қаржысын уақытылы игеруде ғана емес, оны толықтыратын қаржы көздерін тауып, экономикалық өсімді қамтамасыз ететін салаларға басымдық беру керек.

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов мәжілісті «Бүгінде аудан бюджетінің нақтылануында мекемелердің жыл аяғына дейінгі қажетті шығындарын толықтай жабуға қажетті қаржысын бағыттап бердік. Ауданымыздың көлешігі, елді мекендердегі экономикалық жағдай мен халықтың әлеуметтік тұрмысын одан әрі жақсарту бағытындағы жұмыстарды бірлесе атқарып, елдің талап-тілегін орындауға барлық күш-жігерімізді жұмыссыз деп есептеймін» деп қорытындылады.

Ж.АРЫН

Бақылау

Картоп бағасы тұрақты

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Жалағаш ауданына сапарында ауданның облыс орталығына жақын орналасуы бау-бақша мен фермерлік кәсіпті дамытуға мүмкіндік беретінін және соның нәтижесінде халықтың әлеуеті түзеліп, азық-түлік бағасы да тұрақталатынын баса айтқан еді.

Картоп егуді қолға алған

Жалағаштық диқандар егін шаруашылығын әртараптандыру мақсатында бақша дақылдарын егуді қолға алғанына 2-3 жылдай болды. Солардың бірі – «Ер-Әлі» шаруа қожалығы. Шаруа қожалық күріштен бөлек жыл сайын ірі көлемде картоп егеді. Өнімі де жаман емес. Шаруа қожалықтың төрағасы Әліби Бекжановтың ең бірінші мақсаты жиналған өнімді сырт өңірлерге қымбат бағамен сатып, пайдаға көнелу емес, аудан халқын картоппен қамтамасыз етіп, бағаны тұрақтандыруға үлес қосу екен.

Еңбек адамының айтуынша, қырық-қабаттың біздің жерге шығуы қиындау. Ал картоп, сәбізді егуге болады. Әрине, көкіністі бос, тың жерге егу керек. Ол үшін шаруашылық 5 шақырым жерге электр энергиясын тартып, насос апарып қойған. Осылайша, тамшылатып суару әдісімен картоп, сәбіз егуді қолға алған. Жоңышқа, сапалерге қарағанда картоп, сәбіз жақсы шығады. Тұқымдық картопты, егетін техниканы да әкеліп қойған. Баяғы қолдап егіп, қолдап жинау, яғни, ескі әдіс енді келмеске кеткен. Қазір бәрі арнайы техниканы, жаңа технологияны қажет етеді.

Осы орайда шаруа адамы аудан орталығында шағын жәрмеңке ұйымдастырып, картоп өнімін аудан тұрғындары үшін арзандатылған бағада сатып тұрады. Мәселен, бүгінде бар-зарда делдалдар арқылы әкелінген картоп жоғары бағада сатылып жатса, тікелей өндірушіден қолжетімді бағада сатып алуға мүмкіндік бар.

33 276 центнер картоп жиналған

Былтыр аудан шаруалары күріштен бөлек бидай, арпа, сұлы, қант құмайы, мақсары, картоп, көкөніс, бақша дақылдары толық жинап алынды. Тарқатып айтсақ, 129 гектар күздік бидайдың әр гектарынан 13, 770 гектар жаздық бидайдың әр гектарынан 9, центнерден, 665 гектар мақсарының әр гектарынан 8,7, 200 гектар қант құмайының әр гектарынан 41, 40 гектар арпаның әр гектарынан 8,2 центнерден өнім жиды. Мұнан бөлек 64 центнер сұлы, 33 276 центнер картоп, 195 центнер көкөніс, 299 650 центнер бақша дақылдары жиналды. Биыл да аймақ бойынша картоп, кө-



көніс, бақша өнімдерін 17,8 мың гектарға алуға жеткілікті. Дегенмен су лимитіне байланысты егіс көлемі қайта қаралатын болады.

Экспортқа шектеу қойылды

Иә, соңғы аптада картоп бағасы күрт көтеріліп, тіпті 70 пайызға өсті. Кей өңірлерде баға 465 теңгеге дейін жеткен. Картоптың отаны саналатын Павлодарда өткен күзде 768 мың тонна өнім жиналған екен. Бірден сатып жібермей қоймаға салып алған шаруалар енді қызығын көріп жатса керек. Қазіргі уақытта тауар өлімәздің Батыс өңірлері мен Астана, Алматы қалалары жөнелтуде.

Үкімет мүшелері картоп бағасының жақын уақытта тұрақтайтынын айтқан болатын. Иә, соңғы үш күнде бағаның төмендегені байқалады. Яғни Үкімет экспортқа шектеу қойып, фермерлерді ішкі нарықта сауда жасауға шақыруда. Әрине ауыл шаруашылығы өндірушілерінің жақсы бағамен экспортқа сатқаны шаруалар үшін тиімді. Себебі, олардыңөзіндік шығындарының өзі жыл сайын артып жатыр. Алайда, Үкіметтің алдында тұрған ең бірінші мәселе ішкі нарықты қамтамасыз ету.

Бір кісіге 5 келі

Бүгінде қала тұрғындарын толық қамтамасыз ету мақсатында Астана супермаркеттерінде картоп сатуға шектеулер енгізілген. Қаланың инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту

басқармасы мәліметінше, Астанада картоптың тұрақты бағасын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылданып жатыр.

Сатып алушылардың өнімдерді көтерме сатып алуын болдырмау мақсатында дүкендерді үйден әрі қарай сату үшін Small және Sprag желілерінің сауда нүктелерінде картопты сатуға уақытша шектеу енгізілген. Яғни бір қолға 5 келіден артық берілмейді.

Қызылордада картоп бағасы 158 теңге

Аймақ халқын нарық бағасынан 10-15 пайызға арзан өнімдермен қамтамасыз ету мақсатында күнделікті ірі сауда орындарына тұрақтандыру қорынан әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері жеткізілуде.

Бүгінде «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы мен 10-ға жуық ірі супермаркеттер арасында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағаларын тұрақтандыруды қамтамасыз ету жөнінде келісімдер жасалған. Келісімшарт негізінде халыққа азық-түлік өнімдері шекті бөлшек бағамен арнайы «Әлеуметтік бұрыштар» арқылы ұсынылуда.

Айта кетейік, тұрақтандыру қорындағы азық-түлік өнімдерін қала орталықтарындағы «Small», «Қызылорда Оптима» және «Анвар», «Ажар», «Алатау» супермаркеттерінен сатып алуға болады. Бұл серелерде картоп 158 теңге, сәбіз 132 теңге, басты пияз 115 теңге, қырыққабат 126 теңге, нан 65

теңге, қант 398 теңге, өсімдік майы 590 теңге, 1 сортты ұн 135 теңге, күріш 365 теңге, макарон 275 теңге, тұз 40 теңгеден сатылуда.

Тұрақтандыру қорынан картоп жекізілді

Ауданда баға тұрақты. Баға тұрақтылығын сақтау бағытында аудан әкімдігі тарапынан «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамымен келісімшарт жүргізіп, тұрақтандыру қорынан картоп ауданға жеткізілді. Қазіргі таңда Жалағаш көнінде Амангелді көшесі бойындағы «Шоқан», Сәрге батыр көшесі бойындағы «Нұрбек» сауда үйлерінде картоп өнімі халыққа арзан бағамен сатылуда.

Аудан көлемінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларын негізсіз өсуін қадағалау мақсатында жергілікті билік және қоғамдық кеңес өкілдерімен мониторинг жұмыстары жүргізілуде. Оған арнайы құрылған комиссия мүшелері қатысады. Мониторинг барысында аудан орталығындағы азық-түлік дүкендерін аралап, середеп тауар бағаларымен танысты.

Нәтижесінде өнім бағасын негізсіз өсірген заңсыз жайттар ашкереленбеген. Баға тұрақты. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағаларын тұрақтандыру мақсатында баға тұрақтылығын бақылау жұмыстары, алдағы уақытта жалғасатын болады. Әкімдік осылай уәде берді.

ЖАРЫН

Спорт



Жабық бассейндегі жарыс

Соңғы жылдары Жалағашта спорттық шаралардың жиі ұйымдастырылуы бұқаралық спорттың дамуына сеп болуда. Оның үстіне сала мамандарының тәжірибесін шыңдауға да басымдық беріліп жатыр. Бұған дейін өңірде қазақ күресі, гір тасын көтеру, бокс, футбол, волейбол, футбол секілді бірқатар спорт түрінен дүбірлі додалар ұйымдастырылса, бүгінде жабық бассейнде су спортынан да түрлі жарыстар өткізілуде. Осы орайда ауданда жүзу спортын дамыту мақсатында мекемелер қызметкерлері арасында Б.Құлтеменов атындағы жабық бассейнде суға жүзуден жарыс өтті. Жарысқа 18-35 және 35-тен жоғары жастағы мекеме қызметкерлері қатысып, өзара мықтыны анықтады.

Иә, суда жүзуден кәсіби айналыспаса да ес білгелі дарияның суын кешіп, суда балықша жүзген ауыл жігіттерінің бәрі дерлік шапшаң қозғалады екен. Жарыс өте тартысты өтті. Жарысқа қатысушылар 50 метрге еркін әдіспен жүзуден бақ сынасты. Дода нәтижесінде 18-35 жас аралығында 50 метрге еркін жүзуден I орынды М.Шәменов ауылының тумасы А.Сапарбек еншіледі. Ал жүлделі II орынды №232 мектеп қызметкері Е.Үржанов ұтып алды. Үздік үштікті Аққұм ауылының тұрғыны Е.Халеп түйіндеді.

– Бассейнде жүзуден жарыс болатынын естігенде дереу қатысуға бел будым. Ауылда ескесін болар, кішкентайымнан суда жүзуді жанымға серік еткенім. Бұрын каналдарды жағалап, дария суына жүзетін болсақ, қазір шүкір, ауданда жабық бассейн ашылтып, аптасына 2 рет осында келіп, денемізді шынықтырамыз. Иә, суда жүзу адам денсаулығына пайдалы, мәселен, жүрек, жүйке жүйесін жақсартады, шынықтырады, өкпе жұмысын реттейді. Жарысқа келетін болсақ, өте тартысты өтті. Суға жүзуден жиі айналысатын болғандықтан шығар, бүгін жеңімпаз атандым. Ұйымдастырушыларға алғыс айтамыз, жиі ұйымдастырылса, қатысудан қашпаймыз, – дейді жеңімпаз А.Сапарбек.

Шарада жүлделі орындардан бөлек арнайы номинация иелері анықталды. Мәселен, осы сайыста өзінің жүзу әдісімен көзге түскендер «Үздік жүзуші» және «Еркін жүзуші» номинацияларымен марапатталды. Жарыс соңында жеңімпаздар арнайы медаль және дипломдармен марапатталды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл игі дәстүр жалғасын тауып, шара ауқымы кеңейе түспек.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, суға жүзуден жарысқа қатысамын деушілердің қатары аз көрінеді. Бірен-саран ауыл азаматтары жүзуден жиі шұғылданбай, жарысқа да қатысып тұрады екен. Мәселен, Мақпалкөл ауылының азаматтарының бассейнге жиі жолы түсетін көрінеді. Жалпы қазақ жастарының су спортына қызылауының себептері де жоқ емес. Біріншіден, қазақ жастарының көбісі ауылда тұрады. Ауылда бассейн жоқтың қасы. Ал Жалағашқа бассейнің салынғанына көп уақытта болмады. Көбісі суға жүзуді түсіне бермейді. Екіншіден, қазір жасөспірімдердің көбісі үйлерінде отырып, әлеуметтік желідегі ақпараттарды оқуға құмартып алды. Осылайша жастар алтын уақыттарын интернетте өткізуде.

– Бүгінгі шарамыз жүзу спортын дамыту, тұрғындар арасында салауатты өмір салтын жаңғырту мақсатында ұйымдастырылып отыр. Бұл сайыстың маңыздылығына тоқталсам, жалағаштықтардың денсаулығын шыңдауға үлкен септігін тигізеді. Сондай-ақ жабық бассейн өңірімізде көнжелеп қалған су спортының алға басуына үлкен көмек болып отыр. Жалпы, біз су спортынан бейхабармыз. Әрі білген күннің өзінде жүзуге мәнсізбей қараймыз. Баламыз шымыр болсын деп күрес, боксқа жиі алып барамыз. Ал жүзу спорты жекпе-жек сынды спорт түрлерінен кем түспейді. Өйткені бұл спорт адамды шымыр етіп қана қоймай, шыдамдылыққа, әдептілікке баулиды. Тіпті ең мықты, талантты деген боксшы олимпиадада әрі кетсе бір ғана алтын алып шектеледі. Ал жүзу спортындағы мықтылар бір дүбірлі додада бір емес, біраз қашықтыққа бақ сынап, бірнеше алтын алып жататынын көріп жүрміз. Осы орайда айына 2 рет мектеп оқушылары арасында жүзуден жарыс ұйымдастыруды дәстүрге айналдық. Барлық қатысушыға сәттілік тілеймін, – дейді Берікқазы Әуесбаев.

Маманның айтуынша, бүгінде су спорты жөнінде насихат аз болып тұр. Тұрғындар тарапынан жағрысқа қатысуға қызығушылық жоқ. Жүзуден айналысатын адам болмаған соң, көп жобалар аяқсыз да қалып жатыр. Жалпы, жүзу адам ағзасына тигізетін пайдасы мен әсері жағынан басқа спортқа қарағанда ерекше. Жүзуден тұрақты шұғылданған адамның бұлшық еті үйлесімді жетіледі, жүйке тамыры нығаяды, денедегі зат алмасу, тыныс алу мен қан айналу жүйесінің қызметі жақсарады. Бұл спорт түріне жалағаштық жастары жиі тартылса, нұр үстіне нұр болар еді.

Ж.МАХМҰТҰЛЫ



Әлеует

Жұмысшы мамандықтарға басымдық берілген

Президент 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Үкімет Жұмысшы мамандықтары жылы аясында техникалық мамандарды қолдау шараларын қабылдауда. Бұл ретте жұмысшы мамандық иелерінің тек айлық жалақысын ғана көтеріп қоймай, олардың әлеуметтік әлеуетін арттыру басты міндет болып отыр. Нақтырақ айтсақ, тұрғын үй алуға жеңілдікті қарастыру, тегін емделуі, кәсіби оқуы барлығы қарастырылған. Яғни жұмысшы мамандықтарды қоғамда насихаттау, мәртебесін көтеру тек құр сөзбен емес, осындай игі істердің арқасында жүзеге аспақ.

Осы орайда Үкімет Отбасы банкінің «Наурыз жұмыскер» жаңа бағдарламасы арқылы жұмысшы мамандарды баспанамен қамту мәселесін түбегейлі шешпек. Бағдарлама өнеркәсіп, энергетика, көлік, ауыл шаруашылығы және су ресурстары салалары қызметкерлерін қамтиды.

Биыл «Наурыз жұмыскер» бағдарламасы аясында жұмысшы мамандықтары өкілдеріне 72 млрд теңге көлемінде 2 440 несие беру жоспарланып отыр. Өтінімдерді 17 наурыздан бастап қабылдау күтілуде.



Сондай-ақ «Наурыз жұмыскер» бүгінде белгілі «Наурыз» тұрғын үй бағдарламасының бір бөлігі болмақ. Бағдарлама талаптары бойынша азаматтардың әлеуметтік осал санаттары үшін 7 пайыз және қалған барлық санаттар үшін 9 пайыздық мөлшерлемесіз несие беріледі. Бастапқы жарна – таза әрлеудегі бастапқы тұрғын үйді сатып алу үшін 10 пайыздан, әрленбеген бастапқы тұрғын үйді және қайталама нарықтағы тұрғын үйді сатып алу үшін

20 пайыздан басталады. Несиенің ең жоғары сомасы облыстар үшін 30 млн теңге, Астана мен Алматы қалалары үшін 36 млн теңгені құрайды.

Сонымен қатар «Наурыз жұмыскер» бағдарламасымен қатар Отбасы банкі отандық кәсіпорындармен «корпоративтік» өнім шеңберінде жұмыс істейді. Бұл кәсіпорындардың өз қызметкерлеріне несие беру үшін қаражат бөлуін білдіреді.

Кеншілер, металлургтер, тас қалаушылар, электрліктер, инженерлер

ауыр жұмыстарды атқарады. Осы және басқа да көптеген мамандық иелері бізді негізгі қажеттілігімізді қамтамасыз етіп отыр. Мұндай мамандарға жасалған қамқорлық – бүкіл қоғамның игілігі үшін жасалған қамқорлықпен тең. Көпшілігі қиын жағдайда жұмыс істейді. Сондықтан олардың баспана мәселесін шешу – қиын еңбек жағдайларының орнын толтыруға септігін тигізбек.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Бір әннің тарихы

Жау табаны қазақ топырағына жеткен жоқ. Алайда зардабы өте ауыр болды. Отан соғысына бір миллион екі жүз мың отандасымыз аттанып, елге соның алты жүз мыңға жуығы ғана оралған. Мұның ішінде жарымжан болып келгендерін еске алсақ, сұм соғыстың қаншалықты қасірет әкелгені айтпаса да түсінікті. Қайғы бұлтты шалмаған шаңырақ жоқ та шығар, бәлкім. Перзентінен айырылған ата-аналардың, жан жарын жоғалтқан жесірлердің, жетім қалған жас сәбилердің, бауырын іздеп зар илеген әпке-қарындастардың көз жасы құрамағаны бесенеден белгілі.

Опат болған боздақтардың қаралы хабары (жұрт «қарақағаз» деп атап кеткен) үсті-үстіне келіп жатады. Еңіреп жүріп, бірін-бірі жұбатудан басқа ағайынның қолынан не келсін?! Естіген бір оқиғаны жаза кетейік. Жалағаш ауданының Таң ауылынан төрт баласы соғысқа кеткен бір кейуана күндіз-түні «Ең болмаса жары қыл Құдай, жары қыл» деп жылайтын көрінеді. Алла тілегін қабыл етті ме, екі баласы майдан даласында мерт болып, екеуі аман оралған. Сол анамыздың ұлдары Қонар, Амантай есімді соғыс ардагерлерін көзіміз көрді. Соғыстағы ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» орденін алған Қонар өкеміз Таң ауылында қызмет жасап, беріге дейін өмір сүрді. Амантай әкей Қызылорда қаласында тұрып, ет комбинатында еңбек еткенін білеміз. Екеуінен де ұрпақтар бар.

Енді негізгі тақырыбымызға қарай ойысайық. Қазақтың дәстүрлі ән өнерінің төрінен лайықты орын алған ежелгі әншілердің бірі Қазақстанның халық әртісі Жүсіпбек Елебеков десек, қателеспейміз. Сонау 1964 жылы Жүсіпбек әншіні көзімізмен көріп, орындаған әндерін ауылдың шағын клубында тыңдағаным бар. Ол кезде біздің бозбала кезіміз, ал Жүскекеннің алпыстағы шағы екен. Әнші «Жиырма бес», «Екі жиреннен» бастап Арқаның сан нақышты әндерін домбырысына қосылып келістіре шырқады. Орта тұста Абай әндерін шалқытты. Сол жолы әншінің біз бұрын естімеген «Жас қазақ» атты әнді тебірене айтқаны есімізде қалыпты. Кейінірек білсек, бұл әнді Кеңес Одағының батыры Төлеген Тоқтаровқа арнап шығарған майдангер-композитор Рамазан Елебаев екен.

Рамазан Елебаев кім? Ол 1910 жылы бұрынғы Ақмола облысы Еңбекшілер ауданы «Құдықағаш» деген жерде дүниеге келген. 1928-1929 жылдары жұмысшылар факультетінде (РЯБФАК) оқиды. 1937 жылы жолдамамен барып, Мәскеу консерваториясына түседі. 1942 жылы соғысқа аттанады. Ол Қазақстанда жасақталған генерал Панфилов дивизиясының атқыштар полкінде ұрысқа қатыса жүріп, әскер қатарындағы өнерпаздардан концерттік бригада ұйымдастырады.

Рамазанның әндері жауынгерлердің рухын көтерген. «Бородино» түбінде ерлікпен қаза тапқан майдандас досы Төлеген Тоқтаровқа арнаған «Жас қазақ» әнін шығарады. Рамазан Елебаевтың «Талғар полкінің маршы», «23-полк маршы», «Скрипка мен фортепианоға арнаған сюита» т.б. музыкалық шығармалары болған. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл Ту» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған. Рамазан Елебаев 1943 жылдың 4 қарашында майдан даласында ерлікпен қаза табады.

Жүсіпбек Елебековтың жары, Қазақстанға еңбегі сіңген әртіс Хабиба Елебекованың айтуынша, Рамазан мен Жүсіпбек 1931 жылы кездескен. Қазақ драма театрында бірге қызмет еткен. Рамазанның қысқаша өмір дерегі осы жерден тоқтатып, қазақ өнерінің белгілі майталманы әнші-ұстаз Жүсіпбек Елебековтің өмірі жайлы да жаза кетейік.

Ешкімге ұқсамайтын, ерекше дауысты, табиғи дарын Жүсіпбек Елебеков 1904 жылы Қарағанды облысының Егілдібулак (қазіргі Қарқаралы ауданы) ауданында туған. Алғаш рет әншілік өнерге баулыған ұстазы Жақыпбек Балғабайұлы деген кісі көрінеді. 1920-1922 жылдары Семейдегі «Ес-аймақ» труппасында болған. Ал 1922-1930 жылдары Түркісіб теміржол құрылысы мен ет комбинатында жұмыс істеген. 1931-1935 жылдары Қазақ драма театрында қызмет жасайды. «1935-1960 жылдары мемлекеттік филармонияда әнші, 1960 жылдан «Қазақконцерттің» әнші-солисі. 1967 жылдан бастап Қазақтың эстрадалық студиясында ұстаздық еткен. Мәдениет Ешекеев, Жөнбек Керменов, Қайрат Байбосынов т.б. шәкірттер тәрбиелеп шығарған.

Жүсіпбек Елебеков – сан-салалы отандық музыка мәдениетінің тарихына өлшеусіз үлес қосқан тарихи тұлға. Сөзіміздің басында айтқандай, Жүсіпбек

Жас қазақ



әншінің репертуарындағы Абайдың «Сегізаяқ», «Бойы бұлғаң», «Айттым сәлем Қаламқас» т.б. әндері ерекше нақышымен жүректі баурайды. Музыка зерттеушілерінің пайымдауынша, Жүсіпбек Елебековтың орындауындағы Абай әндері түп нұсқаға келеді. Себебі әнші бұл әндерді Абайдың шәкірті Әлмағанбеттен үйренген дейді.

Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан кез. Қазақстан үкіметінің шешімімен бір топ мәдениет және өнер қайраткері ұрыс даласына сапар шегеді. Бригада құрамында Жүсіпбек Елебеков те болған. Олар Калинин майданы жауынгерлеріне мәдени қызмет көрсетеді. От пен оқтың ортасында қасық қаны қалғанша шайқасып жатқан әскердің рухын көтеріп, жеңіске жігерлендіреді. Осы сапарда Жүсіпбек аға соғыста жүрген Рамазан Елебаевпен кездесіп, оның аманаттаған «Жас қазақ» әнін өз аузынан үйреніп, елге алып қайтқан. Сөзіміз дәлелді болу үшін белгілі композитор, өнер зерттеуші, жазушы Ілия Жақановтың зерттеу жазбасынан үзінді келтіре кетейік.

«...Жаңа әлгінде бұлар келіп, машинадан түсіп, өздерін қарсы алған жандармен амандасып жатқанда, «Жолдас комиссар, мынаны қараңыз! Оқ тура маңдайымды жалап өтті» деп таңқала сөйлеген жігіт қолындағы оқ жырған құлақшынын көрсетіп еді. Сөйтіп де бейтаныс адамдарға бір сәт көз тоқтата қарап («О, Елаға, Жүскеке» деп құшақ жая ұмтылды. Жүсіпбек көзі жасаурап маңдайынан иіскеді де «Осы 23-полктамысың» деді.

– Иә, осы полктамың, – деп бас изеді. Полк комиссары Мұхамедияров: – Біздің басқалардан артықшылығымыз Рамазандай композиторымыз бар. Қане, Рамазан біздің маршты ойна. Рамазан іркілген жоқ. Гармонының сарғыш түймелерін сыртылдата басып: – Біз Панфиловшы ерлерміз, Қан майданда қарысқан. Жауды жайлап жерлейміз. От тұтатып намыстан, – деп шырқай бастағанда оған Мұхамедияров және оның қасындағы даяшы екі солдат жамырай қосылды.

Сапарлар батальонының блиндажы. Бес ай бойы майдан шебін аралаған қазақстандық мәдени бригада мүшелері осы жерде тұяқ серіппестен үш күн демалды...

Түскі мезгіл. Екі солдат буржуйкаға от жағып, тамақ пісіріп жатыр. Блиндаж іші жып-жылы. Бағана мызғып кеткендерден әуелі Елубай Өмірзақов, іле қатар жатқан Жүсіпбек, одан соң Ғабиден Мұстафин ояндай. Жуынып-шайынып, сақал мұрттарын қырды. Түскі астан соң жолға шығады. Елге қайтады. Жүсіпбек сағатына қарап: – Машина қашан келуші еді? – деді.

– Әлі үш сағат бар, – деп Елубай орнынан түрегелді. – Рамазанды көре алмай кетеміз бе, – деп Мұстафин мазасызданды. Жүсіпбек ешнәрсе демеді. Елубай сыртқа шығып кетті. Шыға бергені сол еді: – Жүскеке, бері кел, бері кел деп айқайлады.

Жүсіпбек Елубай меңзеген шоқ қайыңға қарады. Аяғында шаңғы, арқасында қапшығы бар Рамазан ұрып келеді. Анадайдан қолын көтеріп бірдеңе дейді.

– Гармонымды ала келдім. Менің уақытым аз, ағалар, блиндажға кйрейік.

Рамазан ауыр күрсінді... Көз алдымызда автоматын жоғары көтеріп, «ұралап» жығылған Төлеген батыр! Бірден шымырлап басталған ән «ахау» деп кең тыныс алып көтерілгенде, ол әуелгі биіктеп, жүректі жарып жібере жаздады. Аза бойды қаза еткен қайырманың

басында ширыға тулап, қаһар шашып, жауға арыстандай айбаттанып шапқан ер Төлегенді бар әлемге паш еткендей мүлде шарықтап кетті. Әлден соң Жүсіпбек: – Тағы бір айтшы, – деді.

Келесі қайталағанда домбыра пернесін ақырындап басып, әнге қосыла берді.

– Бір арманым осы еді, әнім сізге аманат Жүсіпбек аға, – деді Рамазан.

Елге бет алған пойыз үстінде «Жас қазақ» әнінің сөзін Жүсіпбектің өтініші бойынша Ғабиден Мұстафин қайта жазды.

1943 жылдың 6 қарашасы. Әнші Жүсіпбек Елебеков опера театрындағы үлкен концертте «Жас қазақтың» орындаймын деп сахна түкпірінде өз кезегін күтіп отырды. Осы сәтте Калинин майданына бірге барған әнші Камаш Бәубекова жүгіріп келіп: – Аға, Рамазанның айырылдық, – деп жылап жіберді.

Жүсіпбектің жүрегі қан қақсап, аспан айналып жерге түскендей күй кешті. Концерт жүргізуші қайдан білсін?

– Рамазан Елебаев! «Жас қазақ». Өлеңін жазған – Ғабиден Мұстафин. Орындайтын – Жүсіпбек Елебеков! Ән Кеңес Одағының батыры Төлеген Тоқтаровқа арналады, – деп саңқылдады.

Елебеков орнынан зорға тұрды. Көзі тұманданып, сахнаға шықты. Шертіп жіберді домбыраны...

Өрт шалған орыс орманы. Жүзі жайлап, Рамазан құлімісирегендей болды. Домбырасын құшырлана қысып, қандай құдірет биледі, аруағын шақырып, паң көкірекпен аңыратып әнді соза берді. Ән орындалып біткенде бүкіл зал дүрілдеп сахнаны жарып жібере жаздады. Көз жасына булыққан Жүсіпбектің дәл осы сәтте Рамазанның айрылып отырған азалы халін ешкім сезген жоқ...

Енді Рамазан ән арнаған батыр Төлегеннің өмір дерегіне назар салайық. Төлеген Тоқтаров 1920 жылы Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында өмірге келген. Соғыс қарсаңында Риддер қаласы маңындағы қорғасын зауытында жұмысшы болған. Әскер қатарына 1941 жылдың желтоқсан айында шақырылған. Калинин майданы, 3 екпінді армия, 8 гвардиялық атқыштар дивизиясы, 1075-полк құрамында жаумен шайқасқан. Дивизияның «Отан үшін» газеті ержүрек автоматшының бір тәулік ішінде жаудың 150-ден аса солдатты мен офицерін жойғаны туралы жазыпты. Батыл да бекем қимылдайтын Төлеген жауынгерлерді сан рет ұрысқа бастап шыққан. 1942 жылы 9 ақпанда Бородино үшін болған кескілескен ұрыста рота жауынгерлері жаудың қарсы шабуылынан бас көтере алмай өрі душпанмен ротаның арақашықтығына 100 метр қалғанда ол қасындағы 4 жауынгерімен алға ұмтылып, ротаны шабуылға бастап, жауды көйін шегіндіреді. Қаһармандығы мен батылдығы үшін Тоқтаровқа қаза тапқаннан кейін 1943 жылы 30 қаңтарда Кеңес Одағының батыры атағы берілген.

Бүгінде Төлеген Тоқтаров оқыған мектеп оның есімімен аталады. Риддер полиметалл комбинаты аумағында оған ескерткіш орнатылған. Ескемен Риддер, Алматы қалаларында Төлеген атында көшелер бар. Қызылорда қаласынан да бір көше батырдың атына берілген. Майдангер-композитор Рамазан Елебаев жайлы мақала басында тоқталдық, «Жас қазақ» әнін композитордың өз аузынан үйреніп, ән-аманатын елге жеткізген әнші Жүсіпбек туралы да, батыр Төлеген Тоқтаров жайлы да азды-көм білдік. Ендігі кезекте ән мәтінін жазған кісі жайлы айтпай кетудің жөні жоқ сияқты. Қалың оқырман қазақ

әдебиеті классиктерінің бірі Ғабиден Мұстафинді білетін болар, десе де белгілі қаламгердің қызметі мен шығармашылығына назар сала кету артық етпес.

Ғабиден Мұстафин 1902 жылы бұрынғы Ақмола облысы Нұра өзенінің жағалауындағы «Сарытөбе» деген жерде дүниеге келген. Қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Бұл пеніде 83 жыл ғұмыр көшкен жазушының 1927 жылы «Жыл құсы» журналында «Сәрсен мен Боқаш» деген тырнақалды әңгімесі жарияланады. 1929 жылы әңгімелер жинағы «Ер Шойын» деген атпен шығады. 1940 жылы Қарағанды шахтерлерінің өмірінен жазылған «Өмір не өлім» атты романы жарық көреді. Соғыс жылдарында «Құлаған құз», «Алынған көк», «Айғақ», «Тұтқын», «Керуен» секілді шағын туындыларың, соғыстан кейін кең көлемді прозаларға қалам тартып, дүние жүзіне танымал болған «Шығанақ» повесін жаздады. Ол – «Қарағанды», «Көз көрген», «Дауылдан кейін» романдарының авторы.

Ғабиден Мұстафин қоғамдық-саяси өмірге белсене араласқан. Жоғары Кеңестің бірнеше мәрте депутаты болып сайланады. Екі рет «Ленин» орденімен, 2 дәрежелі «Отан соғысы», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталған. Кеңес Одағының батыры Төлеген Тоқтаровқа арнап жазған майдангер-композитор Рамазан Елебаевтың «Жас қазақ» әні жайлы жазғандағы мақсатымыз ерлер есімін еске алып, ерлікті дәріптеу болса, екінші жағынан жалғыз Төлеген ғана емес, ұрыс даласындағы қанды шайқаста ел намысы үшін кеудесін оққа тосып, туған жерден жырақта опат болған сан мыңдаған батыр боздақтарымыздың рухына тағзым ету еді. Солардың бірі 1942 жылы жиырма жасында Сталинград түбіндегі қанды шайқаста қаза тапқан №152 атқыштар дивизиясының жауынгері, менің ағам Бекмұра еді. Енді оқырман қауым үшін ән мәтінін бере кетейік...

Жас қазақ

Сөзін жазған Ғабиден Мұстафин. әні Рамазан Елебаевтікі. Қар жамылған кең дала қанға бөгіп, Күрілдеді! сұр аспан өлім төгіп. Жас қазақ! Мұрттай ұшты-ау Уралап, Жаның қиып кете алмай жас өмірден, Асқақтаған арманға өрмелеумен. Жас қазақ! Жатты көзі от жайнап, Сол бетінде жас берді ол тұрмады, Ары үшін елінің боп құрбаны. Жас қазақ! Мұрттай ұшты-ау уралап. Ел қорғаған майданда жас арыстан, Төлегеннің артында қалды дастан. Жас қазақ! Жатты көзі от жайнап. Ән-тыңдаған жанның төбе құйқасын шымырлатады. Әннің ырғақтық иірім мәнері ерекше. Мұны айтып шығу да жеңіл емес. Бұл ән-реквием Жүсіпбек Елебековтың орындауында Қазақ радиосының алтын қорында сақтаулы. Жоғарыда сөз еткендей, әнді Жүсіпбек Елебековтен кейін шәкірті Мәдениет Ешекеев орындаса, бүгінде арадік Ерлан Рысқали ғана орындап жүр.

Темірбек ЕСЖАНОВ,
ҚР білім беру ісінің
күрметті қызметкері,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Сақтансаң, сақтайды

Газ қауіпсіздігі ережелері

Аудан жұрты газ баллондарын және табиғи газды пайдаланады. Газ баллондарың жарылысының салдарынан болатын оқиғалар, әсіресе қыс мезгілінде температураң төмендеу салдарынан арта темпеді.



Күнделікті өмірдегі газды пайдаланудағы қауіпсіздіктің негізгі ережелерін сақтау сіз бен сіздің отбасыңыздың қауіпсіздігі үшін өте маңызды. Олай болса төмендегі қарапайым қауіпсіздік ережелеріне назар аударыңыздар!

- баллондарды толтыруды тек мамандандырылған пункттерде ғана жүзеге асырыңыздар;
- цилиндрді суықтан жылуға әкелмеңіз және жылу көздеріне жақын қоймаңыз;
- газ құрылғыларың қосу кезектілігінің ережелерін сақтаңыз;

- жағымсыз иіс шықса, мамандарды шақырыңыз;
- ас даярлау барысында газ құрылғысына сұйықтың төгіліп кетпеуін қадағалаңыз. Қыздырғыштарды үнемі тазалап тұрыңыз.

Жұмыстың соңында баллонның кранын жабуды ұмытпаңыз. Ұй-жайда газдың иісі пайда болған кезде газ беру кранын жабып, тез арада желдету үшін терезелер мен есіктерді ашыңыз. Мұндау жаңдайда ашық отты пайдалануға болмайды және электр құрылғыларды мүлдем қоспаңыз. Төтенше жағдай орын алған бойда 101, 104 немесе 112 телефондарына қоңырау шалыңыз!

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 113-5 – бабының 9-тармағына сәйкес Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы хабарлайды.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының 2025 жылғы 22 қаңтардағы шешімімен 2025 жылғы 16 ақпанда тағайындалған сайлауда Еңбек ауылдық округі әкіміне төмендегі азаматтар кандидаттар болып тіркелді.

1. Балханов Бахытберген Мархабаевич – 1971 жылы туған, қазақ, «Еңбек ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, бас маман, Еңбек ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.

2. Жумагулова Жанар Жалғасбаевна – 1975 жылы туған, қазақ, М.Байділдаев атындағы №232 орта мектеп» КММ, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Еңбек ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.

3. Теміржан Шынболат Жұмабекұлы – 1998 жылы туған, қазақ, «Аламесек ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, бас маман, Есет батыр ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы

Техникалық қызмет көрсету

«Қазсушар» РМК «Сыр суы» филиалы ҚР-ның 2003 жылғы 9 шілдедегі №481 «Су кодексі», заңдар және басқа да НҚА негізінде қызмет көрсету аумағындағы тұтынушыларға таза ауыз су тасымалдау қызметін көрсетуге қатар, жеке тұрғындар үшін тұтынушылардың жеке меншігіндегі орталық ауыз суға қосылу нүктесінен бастап су есептегіш құралына дейінгі аралықтағы құбырына техникалық қызмет көрсету қызметін ұсынады. Бұл жұмыстар су таратушы ұйым мен тұтынушы арасындағы өзара келісім-шартпен реттеледі және жыл бойына небәрі 2500 теңгені құрайды.

Техникалық қызмет көрсету мыналарды қамтиды:

- Орталық су жүйесіне қосылу нүктесінен су есептегіш құралы аралығындағы құбырдың ақауларын жою;
- Орталық су жүйесіне қосылу нүктесіндегі тартып-реттегіш арматураға, крандарға ревизия жасау (майлау және тот басудан тазалау);
- Орталық су жүйесіне қосылу нүктесіндегі тартып-реттегіш арматураны, істен шыққан крандарды ауыстыру;
- Орталық су жүйесіне қосылу нүктесінде және су есептегіш құралына дейінгі орнатылған сүзгілерді (фильтр) тазалау, қажет болған жағдайда ауыстыру;
- Су құбыры бойындағы көру құдықтарын қоқыстан және лайдан тазалау.

Абоненттің жеке меншігіндегі орталық ауыз суға қосылу нүктесінен бастап есептегіш құралына дейінгі аралықтағы құбырында апаттық жағдай орын алғанда техникалық қызмет көрсетуге келісім-шарты болмаса, қызмет құны ер орын алған апаттық жағдай үшін бөлек есептелетіндігін хабарлаймыз.

Хабарландыру

2025 жылдың 1 наурыз күні сағат 11.00-де «Жерұйық» шаруа қожалығының бастамашы тобының ұйымдастыруымен «Жерұйық» шаруа қожалығының жалпы жиналысы өтетінін хабарлаймыз.

Күн тәртібінде:
«Жерұйық» шаруа қожалығының төрағасын ауыстыру мәселесі қаралады.
Сонымен қатар құрылтайшылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлері бар болса, он күн ішінде жиналыс ашылғанға дейін серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.
Өтетін орны: Мәдениет ауылдық мәдениет үйі ғимаратында.

«Жерұйық» шаруа қожалығының құрылтайшылары

Аққыр ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізу кестесі						
№	Елді мекен атауы	Азаматтарды жеке қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның Т.А.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6	7
1	Аққыр ауылы	Матаев Жанабек Ұлықбекұлы	Аққыр ауылдық округі әкімі	Сәрсенбі 15.00-ден 19.00-ге дейін	Аққыр ауылы, Ы.Ақмырзаев көшесі №40	8(724-31)41-4-44

Алтын ұя

Шалғай ауылдағы білім ордасы

Жаңаталап ауылындағы №119 орта мектеп биылғы оқу жылында 152 оқушыға құшағын айқара ашқан. Оның 7-еуі мектеп бітіруші түлектер болса, 13-і 1-ші сыныпқа қабылданған бүлдіршіндер. Ал 14-і мектеп алды даярлық тобында білім алуда. Апта басында аталған білім ошағының тынысымен таныстық.

Барсақ, ұстаздар бір апта бойы жүргізілген тарих апталығын қорытындылап, белсене қатысқан оқушыларды марапаттап жатыр екен. Ауыл мектебінен оқу оқушылар шығаруды басты мақсаты еткен мектеп директоры Ахметжан Құдайбергеновтың айтуынша мұнда 33 педагог шәкірттерге сапалы білім беріп, еліміздің келешегін қалыптастыру жолында қажырлы еңбек етіп келеді. Олардың ішінде 12-і педагог-зерттеуші, 13-і педагог-сарапшы, 3-еуі педагог-модератор.

Мектеп директоры мұнда балалардың ыстық тамақпен қамтылуына байланысты ешқандай мәселе жоқтығын



зеңіне белсене қатысқан. 5-6 сынып оқушыларына арналған пәндік олимпиадаға 4 оқушы қатысып, 1 оқушы ағылшын пәнінен III орын иеленген. Ал 7-8 сынып оқушыларын арналған кезеңіне білім ордасынан 13 оқушы қатысып, 2 оқушы биология пәнінен I және III орын иеленген. Ал 9-11 сынып оқушыларына арналған олимпиадаға 9 оқушы қатысып, 4-еуі жеңіс тұғырынан көрінген. Атап айтсақ, 2 оқушы физика, қазақстан тарихы пәні бойынша III орын, математика, ағылшын пәнінен II орын иеленген. Мұнан бөлек «Зерде» шығармашылық конкурсына 7 жоба ұсынылып, 1 оқушы II орын, 2 оқушы III орынға ие болған. Ауылдағы білім ошағы барлық қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Атап айтсақ,

Мұнда балалар екі ауысыммен білім алады. Мектеп ұжымы оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында оларды спортқа, өнерге, шығармашылыққа баулиды. Мұндағы жастар спортқа бейім. Сондықтан да мектепте ашылған үйірмелердің басым көпшілігі спортқа бағытталған. Мәселен, мұнда дөйбей, футбол, волейбол, баскетбол, гандбол асық ату, хореография сынды үйірмелер бар. Аталған үйірмелердің ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктері де жоқ емес. Мәселен, оқушылар бытыр асық ату сайысынан облыстан II орын алған. Ал биыл республикалық кезеңге өту үшін күнделікті тыңғылықты дайындық жұмыстарын жүргізуде.

гіге» үміткер болған. Олар 100 пайыз ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан. Нәтижесінде 7 түлек мемлекеттік грантпен жоғары оқу орнында білім алуға қол жеткізсе, екеуі ақилы оқуға әуеуметтік аз қамтылған отбасының балалары. Бүгінге дейін оқушылар немесе ата-аналар тарапынан ыстық тамаққа қатысты ешқандай теріс пікір алмағанын айтқан Ахметжан Сәбитұлы бала қауіпсіздігі үшін астың сапасы үнемі өзінің бақылауында болатынын да тілге тиек етті.

– Биыл мектептен 7 түлекті үлкен өмірге қанат қақтырамыз. Олар 100 пайыз ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысады. Әрине бұл мұндағы ұлағатты ұстаздардың ерен еңбегі мен оқушылардың білімге деген құштарлығының жемісі. Түлектер қазіргі таңда күндіз-түні дайындық үстінде. Нәтижелері жаман емес. Оқушыларымыз ай сайын Қызылорда қаласындағы «U-Study» тестілеу орталығына барып, тест тапсырды. Соңғы тест сынағынан оқушыларымыздың алды 100-ден жоғары балл жинады. Десе, де тоқ-мейісуге болмайды. Діттеген мақсатымызға жету үшін дайындықты үздіксіз жүргізе береміз, – дейді мектеп директоры.

Айта кетейік, бытыр мектепті 9 оқушы бітірген. Оның 1-еуі «Алтын бел-

Мектеп мақтаныштары жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық ке-

мультимедиа, химия, физика, биология, кабинеттері модификацияланған. Яғни оқушыларға жоғарыда аталған пәндерді заманауи үлгідегі құрал-жабдықтар арқылы тереңрек оқып-білуге мүмкіндік қарастырылған. Мұнда робототехника саласы да қарқынды дамыған. IT саласына қызығушылық танытып, осы бағытта білім алуға талап қылған оқушылар қатары артқан.

Аядай ғана ауылдағы алтын ұяның бүгінгі тынысы осы. Оқушыларының білімге, спортқа, жаңашылдыққа жаны құмар. Ал ұстаздары жастарға сапалы білім беріп қана қоймай, олардың талантын ұштап, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуде ерен еңбек ете бермек.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Базарлық



Ыбырай Алтынсарин әңгімелері

Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды. Ол 1841 жылы қазіргі Қостанай облысының аумағында дүниеге келген. Әкесінен ерте айырылған ол атасының - белгілі би және старшын Балқожа Жаңбыршиннің қолында тәрбиеленді. Ыбырай бала кезінен бастап білімге және өз бетінше оқып білуге бейім екенін байқатты. Көп оқыды, Ресей қоғамының білімді адамдарымен жиі араласып тұрды. Орынборда оқып жүрген кезінде шығыстанушы ғалым В.В. Григорьевпен жақын танысып алды. Ол өзінің бай кітапханасымен Ыбырай Алтынсариннің еркін пайдалануына рұқсат етті. Білімге құштар жас бос уақытының бәрін де сол кітапханада өткізді. Өзінің мінез-құлқы жағынан қарапайым әрі еңбексүйгіш еді. Алған білімін өз халқының пайдысына асыруға талпынды. Осы орайда бүлдіршіндерге базарлық ретінде қоғам қайраткерінің бірқатар әңгімесін ұсынып отырмыз.

Төкениар

Вениамин Франклин деген Американың даңқты білім иесі он сегіздегі жас күнінде, Медера деген қаланың бір қарт адамына қонақ болып барады. Қонақ болып, үйден шығар уақытта қарт ішкері қонақты есіктен шығарып салуға бағыталады. Франклин бұл кісіге сөйлесе келе жатып, алдында не барын аңғармай, есікке жақындағанда:

– Еңкей, еңкей, – деп қарт дауыстапты. Сүйдегенше болмай, есік аласа екен, маңдайшасына Франклин маңдайымен тарс ете түсіпті. Сонда қарт күліп айтты дейді:

– Бұл кішкентай реніш сізге екіншіде ақыл болар. Ұмытпағайсың, сен жассың, өмірің алдында, басыңды тым жоғары ұстамай, төмен иіңкіреп жүрсең, мұнанда артық соққылардан құтыларсың. Бұл сөзді Франклин сексен жасқа келгенше ұмытпай, әрдайым айтушы еді:

Сол қарттың ақилы білім иесіне көп пайда әкелген. Осылайша, ол төкаппарлық қасиетті бойынан арылтып, әлемге танылған тұлға атанады.

Білгеннің мәңгесі

Бір қарт ұста күні-түні тынбай, іс соғып отырады екен. Оған көрші, заманындағы бір зор бай, Броун дегеннің баласы қызыққа күнде ұстаға келіп, іс соққанына қарап тұрады. Бір күні ұста мырзаға:

– Төрем, қарап тұрғанша, тым болмаса, шеге соғуды үйренсейші. Кім біледі, бір күндерде сол өнердің де керекі болар, – дейді.

Бала нөм кетеді деп, күнде мазаққа шеге соғып жүріп, бірнеше күнде шебер атанады. Бірнеше жылдар өткен соң елде қатты жаугершілік басталады. Броунның мал-жаны таланып, өзі бала-шағасымен елден қашып шығады. Сонымен ішгерге-жеуге, киюге де көм-тар соғып, бір қалада өмір сүреді. Сондай қаланың әкімі мынадай бұйрық шығарады. «Әскерге көп етік керек, жақын жердегі қалалардың сататын мығы таусылды, мық даярласың» депті. Сонда шебер мырзаның мазаққа үйренген өнері есіне түсіп, етікшілерге қосылып, іске кіріседі.

Патша етікшінің істеген етігін көріп, ұнатады. Осылайша, сол кісіге әскердің етігіне мық істегудің міндетін тапсырады. Нәтижесінде ол көп мал тауып, ақыр өміріне дейін кемдік көрмей өтіпті-міс.

Дайындаған Е.ӘНУАРҰЛЫ

Маман мерейі



Аспазшы Назира

БИЫЛҒЫ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ БАСТАЛЫСЫМЕН ЕЛІМІЗДЕГІ БІРҚАТАР МЕКТЕПТЕРДЕ БАЛАЛАРДЫҢ АСТАН УЛАНУЫ ТІРКЕЛДІ. СОРАҚАСЫ, ОЛАР МЕКТЕП АСХАНАСЫНДА БЕРІЛЕТІН ТЕГІН АСТАН АУЫРҒАН. ОСЫ ОҚИҒА ОРЫН АЛҒАННАН КЕЙІН БАРЛЫҚ МЕКТЕПТІҢ АСХАНАСЫ ТЕКСЕРІСТЕН ӨТТІ. АУЫЛҒА АРНАЙЫЛАП АТБАСЫН БҰРЫП КЕЛГЕНДІКТЕН АСХАНАНЫҢ ТЫНЫСЫМЕН ТАНЫСУДЫ ЖӨН КӨРДІК.

Барсақ, бас аспазшы Назира Төженова балаларға арнап дәмді тағам дайындап жатыр екен. Оқушыларды ыстық тамақпен қамтып жүргеніне 20 жылға жуықтағанын айтқан кейіпкеріміз барлық баланы өз баласындай жақсы көреді. Бүгінде ол ауылдағы алтын ұяның асханасында жұмыс істейді. Оқушыларды күнделікті ыстық тамақпен қамтып, олардың алғаусыз алғысын алғаннан артық ештеңе жоқ дейді.

– Ас үйге бала күнінен жақынмын. Кішкентайымнан анамның жанында жүріп, түрлі тағамдар мен тәттілер әзірлеп үйрендім. Осы салада жүргеніме бүгінде 20 жылдай болды. Қазір бас аспазбын.

Мектепте ыстық тамақпен қамтылған 99 бала бар. Бәрін баламдай қабылдап, күнделікті ас мәзіріне сәйкес асылған, бұға піскен құнарлы тағамдар мен салаттар дайындаймын. Олардың тойып жегені, айтқан алғысы бізді қуантып, көңілімізді көтереді. Тағы да қосымша тамақ сұраса, қолын қайтармай салып береміз, – дейді бас аспазшы Назира Төженова.

Айта кетейік, бас аспазшы Назирамен қатар мұнда 1 аспазшы жұмыс жасайды. Олар таң сөрмен ерте келіп, балаларға дәмді тағамдар пісіруге кіріседі. Азық-түлік немесе тамақтан улану – сапасыз өнімдерді пайдаланудан болатын жағдай.

Балалардың қауіпсіздігін басты назарда ұстайтын аспазшылар тек құнарлы өнімдерді алдырып, қажетті азық-түлікті күнделікті балғын күйде алдырып отырады.

Иә, шалғай ауылда орналасқан мектепке балаларды ыстық тамақпен қамту бір жолға қойылғанына көз жеткіздік. Мектеп асханасындағы аспазшылар ас мәзіріндегі тамақтарды дәмді етіп, оқушылардың уақытылы тамақтануына ден қойған. Бұл жұмыстар мектеп директорының күнделікті тікелей бақылауында.

Әздіріңізге белгілі, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы маман-

дықтары» жылы деп жариялады. Президент «Ана тілі» газетіне берген сұқбатында «Жұмыстың жаманы жоқ, көз келген еңбек – қадірлі. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс. Сонда ғана еліміз дамудың сара жолына түседі. Халқымызда «Жұмыстың көзін тапқан балықтың өзін табады» деген сөз бар. Көсібіне адал әрі жауапкершілікпен қараған адам қашанда лайықты бағасын алады. Бұл түсінікті қоғам санасына сіңіру қажет. Азаматтарға құрметті атақ берудегі түпкі мақсатымыз да – осы. Бұған дейін мұғалімдерге, дәрігерлерге және мәдениет қайраткерлеріне осындай атақтар беріле бастады. Бұл – өте жақсы бастама, оның аясын кеңейту керек деген болатын.

Бүгінгі мақаламызға арқау еткен кейіпкеріміз адал маңдай терімен нәсібесін аспаздық слаасынан тауып, талайды төтті дәмділерімен тамсандырып жүрген жан.

А.ЕРЖАНҚЫЗЫ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2015 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №127

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ